

"Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды үйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 173 бүйрүғына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № ҚР ДСМ-3 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 ақпанда № 18300 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бүйрүғымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.12.2020 № ҚР ДСМ-230/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 58-бабының 5-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. "Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды үйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 173 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10880 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 12 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген ішкі және сыртқы сараптамаларды үйымдастыру мен жүргізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

2-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті (бұдан әрі – ҚДСК) – өз құзыретінің шегінде қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және медициналық қызметтердің сапасын бақылау салаларында басшылықты және реттеуді, халыққа өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың, сондай-ақ денсаулық сақтау аясындағы стандарттардың сақталуын бақылауды және

қадағалауды жүзеге асыратын, салааралық үйлестіруді, реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның стратегиялық функцияларының орындалуына қатысатын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;".

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) тәуелсіз сарапшы – жоғары медициналық білімі бар және уәкілетті орган айқындаған, тәуелсіз сараптама жүргізуге үміткер жеке тұлғаларға қойылатын талаптарға сай келетін жеке тұлға;";

7) тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пациентке мемлекет кепілдік берген көлемде және міндettі медициналық сақтандыру жүйесінде тегін медициналық көмек ұсыну туралы.";

29, 30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Сыртқы сараптаманы ҚДСК мен оның аумақтық бөлімшелерінің мамандары және (немесе) тәуелсіз сарапшылары жүзеге асырады.";

30. Сыртқы сараптаманы сондай-ақ ҚДСК мен оның аумақтық бөлімшелері Кодекстің 58-бабының 4-тармағына сәйкес тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.";

31. Стационарлық және амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда сыртқы сараптамаға ана өлімінің барлық жағдайлары (жазатайым жағдайларды қоспағанда) жатады.";

Қағидаларға 1-қосымшада:

"амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін бағалау индикаторы" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-1 жолмен толықтырылсын:

"

18-1	"Туберкулезben сырқаттанудың жоғары қаупі бар халық топтарын (бактерияның бөлінуіне қарамастан туберкулезben ауыратын науқастармен байланыста болған адамдар; өкпенің созылмалы обструктивті ауруларымен, кант диабетімен, алкоголизммен, нашақорлықпен, адамның иммун тапшылығы вирусмен/жүре пайды болған иммун тапшылығы синдромымен динамикалық бакылауда тұрған адамдар және иммундық супрессивті терапия қабылдайтын адамдар; өкпесінде кез келген этиологияның қалдық көрінісі бар адамдар; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар) флюорографиялық зерттеп-қараумен қамту	Жылына 1 рет	Флюорографиялық зерттеп-қарауды жүргізу жоспары, флюорографиялық зерттеп-қарауды тіркеу журналы, есеп беру нысандары	Индикаторлардың мәні 100% жеткізілуі тиіс
------	---	--------------	--	---

";

реттік нөмірі 20 және 21-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

		Флюорографиялық зерттеп-қарауды тіркеу	
--	--	--	--

	Туберкулезben сырқаттанудың жоғары қаупі бар халық топтары (бактерияның бөлінүіне қарамастан туберкулезben ауыратын науқастармен байланыста болған адамдар; өкпенің созылмалы обструктивті ауруларымен, қант диабетімен, алкоголизммен, нашақорлықпен, адамның иммун тапшылығы вирусімен/жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромымен динамикалық бақылауда тұрған адамдар және иммундық супрессивті терапия қабылдайтын адамдар; өкпесінде кез келген этиологияның қалдық көрінісі бар адамдар; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар) арасында флюорография әдісімен туберкулезben ауыратын науқастарды анықтау көрсеткіші	Токсан сайын	журналы, профилактикалық флюорографиялық зерттеп-қарау картасы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 "Денсаулық сақтау үйымдарының бастапқы медициналық күжаттама нысандарын бекіту туралы" бұйрығымен (бұдан әрі - № 907 бұйрық ) бекітілген 052/е нысаны )	Индикатордың мәні 1000 зерттеп-қаралғанға кемінде 2-ні курайды
21	Микроскопия әдісімен зерттеліп-қаралған адамдардың арасында туберкулезге күдікті науқастарды анықтау көрсеткіші	Токсан сайын	Микроскопиялық зерттеп-қарауды тіркеу журналы, есеп беру нысандары, зертханалық тіркеу журналы (№ 907 бұйрықпен бекітілген ТБ 04/е нысаны), туберкулез микробактериясына қақырықты микроскопиялық зерттеуге жіберу (№ 907 бұйрықпен бекітілген ТБ 05/е нысаны)	Индикатордың мәні 5-10% курайды

"

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген құннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі*

*E. Біртанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК